

Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2023 жылғы 12 қазандағы № 67 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына сәйкес Қарасу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округі жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу аудандық мәслихатының төрағасы

С. Қажиев

Мәслихаттың

2023 жылғы 12 қазандағы

№ 67 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122

бұйрығына сәйкес өзірленді және Қарасу ауылдық округі ауылдарының тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуін тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны - ауылдық округ тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

1. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Қарасу ауылдық округінің аумағы участкерге (ауылдарға, көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Қарасу ауылдық округінің әкімі Қарасу ауылдық округінің ауылдары шегінде бөлек жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуі үйимдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Қарасу ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауылдың қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Қарасу ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Қарасу ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Қарасу ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарасу аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда бөлек жиынның төрағасы, шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Қарасу ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілетін күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген қатысушылардың саны мен тізімі;

4) жергілікті қоғамдастық жиыны немесе жергілікті қоғамдастық жиналысы төрағасының және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөз сөйлеу мазмұны және қабылданған шешімдер.

Мәслихаттың

2023 жылғы 12 қазандығы

№ 67 шешіміне

2-қосымша

Костанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
Қарасу ауылының тұрғындары үшін	16
Автомобилистов көшесі	1
Анищенко көшесі	1
Комсомольская көшесі	1
Исаков А. көшесі	1
Рамазанов көшесі	1
Набережная көшесі	1

Мирная көшесі	1
Сандибеков көшесі	1
Базарная көшесі	1
Пролетарская көшесі	1
Привокзальная көшесі	
Рабочая көшесі	
Дорожников көшесі	1
Больничная көшесі	
Калинин көшесі	1
В-Набережная көшесі	1
Строительная көшесі	
Химиков көшесі	1
В-Комсомольская көшесі	
Восточная көшесі	1
В-Советская көшесі	1
Северный тұйық көшесі	
Дружный тұйық көшесі	
Молодежный тұйық көшесі	
Майский тұйық көшесі	
Дорожный тұйық көшесі	
Школьный тұйық көшесі	
Торговый тұйық көшесі	
Детский тұйық көшесі	
Совхозный тұйық көшесі	
Маслозаводской тұйық көшесі	
Октябрьский тұйық көшесі	
Тополевый тұйық көшесі	
Восток ауылының тұрғындары үшін	3
Садовая көшесі	
Коминтерн көшесі	1
Октябрьская көшесі	
Северная көшесі	1
Гагарин көшесі	1
Школьная көшесі	
Заречная көшесі	
Комсомольская көшесі	
Мир көшесі	
Новая көшесі	
Пионерская көшесі	
Пушкин көшесі	
Советская көшесі	
Степная көшесі	

Студенческая көшесі	
Жұмағұл ауылының тұрғындары үшін	2
Новая көшесі	
Пушкин көшесі	1
Северная көшесі	
Центральная көшесі	1
Чкалов көшесі	
Майское ауылының тұрғындары үшін	2
Мир көшесі	1
Парковая көшесі	
Сандыбеков көшесі	
Целинная көшесі	
Школьная көшесі	
Юбилейная көшесі	1
Тімтуір ауылының тұрғындары үшін	2
Аубакиров көшесі	
Интернациональная көшесі	1
Набережная көшесі	
Новая көшесі	
Пионерская көшесі	
Рабочая көшесі	
Центральная көшесі	1
Школьная көшесі	
Южная көшесі	
Барлығы	25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК